ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Жастарға арналған республикалық патриоттық, әдеби-танымдық журнал

№ 2 (16)
ақпан 2013

Асанәлі ӘШІМҰЛЫ:
«МЕНІҢ ЖАНРЫМ – КҮНДЕЛІК»
10-БЕТ

«ҚАЗАҚ ГАЗЕТІНЕ – 100 ЖЫЛ»
26-БЕТ

ТАУ ТҰЛҒА – 75-те
Кенжеғали САҒАДИЕВ

Тау тұлға- Кенжеғали Сағадиев 75 жаста// Ұлт болмысы.-№2.- 2013, ақпан.- 4 - 25 б.

Редактор бағаны



Осыдан бір ғасыр бұрын, нақтырақ айтсақ, 1913 жылдың 2 ақпанында қазақ даласында тарихи маңызы зор, алаш тарихындағы рухани сілкіністі оқиға орын алды. Дәл осы күні алты алаштың жоқтаушысына айналған «Қазақ» газеті өмірге келді.

Өткен ХХ ғасыр басында ұлт мұраты, ел мүддесі қатаң сынға түскен кезең болғандықтан, сол тұстағы зиялы қауым өкілі қазақ жұртының да өркениетті елдердегідей сауатты болуын тілеп, ең бастысы ұйқыға кеткен қазақ қоғамының саяси сауатын ашуға белсене кіріскен еді.

Бүгінде сол ұлттың жоғын жоқтаған, ұлттық идеяны, бостандық пен бірлікті насихаттуға ұмтылған «Қазақ» газетіне 100 жыл толса, 18 ақпан ұлт мақтанышына айналған қазақтың біртуар ұлы, академик Кенжеғали Әбенұлы Сағадиевтің 75 жас мерейтойы.

Журналымыздың өздеріңіз қолдарыңызға алып отырған саны ұлтқа қызмет етудің биік мысалына айналған Кенжеғали Әбенұлының құрметіне арналады.

Бас редактор

Гүлжанар
АМАНТАЙҚЫЗЫ



Қазақ елінің рухын тәуелсіз ел дәрежесіне жеткізу жолында кешегі ұлттың көсемдері Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы және тағы басқа Алаш арыстары өмірін сарп етсе, тәуелсіз елдің өркениетін әлемдік дәрежеге жеткізу жолында көшбасшыға айналған ұлт зиялыларының бірі әрі бірегейі Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев.

Ол таным таразысы ұлттық болмыспен тұтаса қалыптасып, өзі жүріп келе жатқан адами шеңберінің ауқымына ұлттық мүддені темірказық етіп ұстаған адам.

Бір қарағанда ол өте сыпайы, қарапайым көрінгенімен қазақтың намысы қанында қайнап жатқан нағыз өршіл тұлға.

Ұлтқа қызмет көрсетудің міндетін мойнына алған тұлғаның бүгінгі мерейтойы дүйім қазақтың қуанышы десек болады.

БОЛМЫСЫ ДАРА ТҰЛҒА

«Шешеннің сөзі өлмейді, Ғалымның хаты өлмейді» деген халық даналығынан асырып ештеңе айта алмасымыз хақ. Дегенмен, ел игілігі үшін маңдай терін төгіп, көз майын тауысып, жиған-терген ілім-білімін білігіне ұштастыра еңбектеніп жүрген тұлға туралы таным-лебізімізді білдірсек, ол келешек ұрпаққа ғибрат болары анық.

Сөзімізге арқау болғалы отырған академик, экономист-ғалым Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев еш уақытта ешкімге ұқсамайтын өзіне ғана тән ерекше болмыс-бітімі мен тұлғасы ірі, ұлттық рухы биік, ғылымның аумалы-төкпелі, қызығы мен қиындығы мол, соқтықпалы да соқпақсыз жолында талмастан өзіндік сара жолын қалдырып келе жатқан біртуар азамат. Ол өн бойында қазақтың қаны тасыған, қазақтың намысынан жаралған, даласының топырағы мен суынан, жусанының иісінен нәр алған ұлы тарих бетінде есімдері алтын әріптермен жазылған қазақтың асыл

жалғасы.

Ғылымда даңғыл жол жоғы белгілі. Оның ішінде халықтың әлеуметтік-тұрмыстық ахуалының көркеюі бағытында ерекше маңызды рөл атқаратын экономика саласы, ғылымның, әсіресе, ықпыл-жықпылы мол саласы болып саналады. К.Сағадиевтің зерттеушілік қабілеті мен дара таланты өте ерте байқалған. Оның өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының екінші жартысында-ақ жасаған көптеген ғылыми зерттеулері ғалымның экономикалық ой-дамуының ағымдарын байқағыштық қабілетін айқындап, өндіріс пен тұтынушы жүйесіндегі өзара қатынасты реттеудегі басқару мен шаруашылық механизмін

пайдалану мәселелерінің өзекті екені

тоқсаныншы жылдардың екінші жартысындағы тәуелсіз мемлекетіміздің өз ішіндегі реформалар жөнінде айтқандары жуық арада өзектілігін жоймақ емес. Өйткені, жас мемлекеттің өсу жолында кездесіп жататын әр алуан кедергілер мен қиындықтарды жеңу үшін де белгілі уақыт пен білікті мамандар қажет. Шенділер тарапынан жасалып жататын бюрократиялық кедергілер де немқұрайдылықтың басы болып отыр. Бұл турасында өзі де жазған болатын. Шаруашылық жүйесіндегі реформалар жөнінде К.Әбенұлы «Қазақстандағы реформалар: сындарлы

кезеңінде: «...ол революция емес,

эволюциялық құбылыс. Ешжерде революция бар тапқаныңды қиратып, шашқаннан басқа нәтиже әкелген жоқ. Осы саладағы реформалар жорғаның жүрісіндей болуы керек. Қолыңда барды шашпай-төкпей, жаңа қашықтықтарды, жаңа белестерді ала беру керек» екендігін баса айтқан. Өкінішке қарай, осында айтылған келелі кеңестерді естір құлақтар аз болып, ұтымды ұсыныстар өз дәрежесінде қабылданбады. Соның салдарынан реформаның алғашқы жылдарындағы қатты күйзелістер баршаға белгілі, әрі оның кесірінен әлі де толық айыға алмай отырғанымыз жасыратын жайт емес.

Кенжеғали Әбенұлының шындықты бетке айта

1996 жылдың ақпан айында Президент жанындағы Мемлекеттік кеңестің кезекті бір отырысында жүргізіле бастаған реформалардың жайы сөз болған жиында ел қамын жеген Едігедей өзінің ойлы сөзін тайсалмастан айта білді. Атап айтсақ, «...Президент мырза, сіз жаңа азаматтық қоғам құру жөнінде өте жақсы айттыңыз, оны біз қолдаймыз. Бірақ та не істесек те, қандай реформалар жүргізсек те, халықтың пікірімен санасуымыз керек қой. Ал, осында отырған мына кейбір үкімет мүшелері де, Премьер-министр мына Қажыгелдиннің өзі де халықтың жанайқайын құлағына да ілмейді, оны қойып, айтылып жатқан ұсыныстарымызбен есептеспейді» деген шамырқанысы, Кенжеғали ағайдың орынды жерде ақиқатты арқасына жасырмай айта білер асыл қасиетін көрсетсе керек.

Академик ағайымыз экономиканы зерттегенде, оның есеп-қисабына ғана байланып қалмайды. Кенжекеңнің, сонымен қатар, қаламы жүйрік, ойы ұшқыр. Өзінің ұстаздары туралы және сол тау тұлғалар жайындағы сырға, сағынышқа толы әңгімелерін ақтара жөнелгенде, сол жақсылар мен жайсаңдар ортамызда жүргендей әсерде қаларыңызды қайтерсіз?! Оның үстіне, қаламын тек шындыққа суғарып, тек көзі көрген, көңілінде бояуы қанықкан жайттарды ғана жазады. Ол кісі Қаныш, Сақтаған, Шахмардан, Қаратай ағаларынан бастап, ел өмірінің сан саласында «халықтың ертеңі үшін» деп жан аямай еңбек еткен, алыптар тобының тұтас галереясын жасап шықты. Мұны былай қойғанда, академик К.Сағадиевтің көне және бүгінгі тарих пен әдебиет, тылсым сырларға толы биология мен химия, нақтылылықтың төресі математикаға, «құлақтан кіріп бойды алар» музыка мен театр өнеріне, оның айтулы тұлғаларына қатысты ақ қағазға көркем тілмен кестелеп түсірген бейнелері мен жан сүйсінтер суреттері талайды тамсандырған, тамсандыра беретініне де сеніміміз мол. Бұған қоса, тілге шешен, сөзге ұста, ойға бай, пікірі орынды Кенжекеңнің қай орта, қай жиында болса да көсіле сөйлеп, көсемсіп, «білгішпін» деп жүретін талайлардың өрекпіген көңілдерін баса білетін талай көзкөргендер айтып та, жазып та келеді.

Халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі – Ахмет Байтұрсынұлы тұтас бір ұлттың көсемі, ұлағатты ұстазы атанса, сол Ахаңның әулеттік шежіресінің бір тармағынан тарайтын академик ағайымыз да өз кезеңінің кемел ойлы ұстазы, қоғам және мемлекет қайраткері атанды. Әрі Ахаңдай кемел ойлы Сағадиев та өз ұлтының мүддесін бәрінен де жоғары қойып, саналы ғұмырын халқына қалтқысыз қызмет етуге арнай білді. Басты айырмашылығы һәм бақ таланы да болар, Кенжеғали Әбенұлы сол Ахметтер бастаған Алаш Арыстары күресіп, арман етіп кеткен тәуелсіздікті көзі көрді, сол тәуелсіздікті орнықтыру мен нығайтудың бел ортасында жүрді, әлі де болса тәуелсіз ел мүддесі жолында салиқалы ой айтып, елдің ағасы мен абызы болып өз халқымен бірге жасасып келеді.

«Келбет» журналы мен
«Академик Кенжеғали Сағадиев»
атты кітап және басқа да деректер
бойынша дайындап, қорытқан
Бейбіт МЕКЕЕВ



Елбасы К.Сағадиевті ҰҒА президенті орынтағымен құттықтауда



Академиктер М.Қозыбаев, С.Бәйішев және профессор К.Сағадиев



Целиноград ауылшаруашылық институтының ректоры К.Сағадиев көшпелі туды қабылдау рәсімі



К.Сағадиев ауыл тұрғындары арасында

Кенжеғали Әбенұлына

(арнау)

Тұлғасы дара, тұғыры биік асқақсың,
Ғасырлық ғұмыр кешсең де қия баспапсың.
Жүрекке қонған үкілі үміттi әуелден,
Ғылымның тылсым жолына ғана арнапсың.

Асылы ердің, дастаны болдың елдіктің,
Кеудеңіз құдды мекені сынды кеңдіктің.
Шырылын жанның айырбастамай мендікке,
Басыңа түскен талай сындарға көндіктің.

Ғасырдың жүгін арқалап келген ардағым,
Адалдығыңмен түсірмепсің-ау арға мін.
Еңсесі түсіп, есесі кеткен талайға,
Қазақтың мұңын қаламыңменен толғадың.

Қазақ жастарын ғылым көгіне сүйреген,
Алғырсың аға, тұлкі заманды илеген.
Қолпаштаулар мен жағымпаздарды сүймеген,
Мақтасың аға, басыңды төмен илеген.



ШЕЖІРЕ СУРЕТТЕР СЫР ШЕРТЕДІ



Асау күндер тізгінін ала қашып,
Жылдардың белесінен барады асып.
Жастықтың қимай қарап өткеніне,
Мен қалдым құйын оймен жағаласып.









Шыңғыс АЙТМАТОВ:

«...Кенжеғали Сағадиев XX ғасырдың диалектикасы мен қарама-қайшылықтарының, утопиясы мен антиутопиясы, социализмі мен антисоциализмінің күрделі мектебінен өткен қазіргі кезең ұрпағының, демократия мен ұлттық көксеулер жолында өткерген және өткеріп жатқан өзінің рухани өзегіндегі қобалжуларын, қарама-қайшы қарсылас дәуіріміздің өзара ықпалдастығын сезінген ұрпақтың тарихындағы қайталанбас ғажайып өкілдерінің бірі».



18 ақпан –
КЕНЖЕҒАЛИ САҒАДИЕВТІҢ
ТУҒАН КҮНІ

ТАУ ТҰЛҒА



Торғай... Торғай топырағы. Торғай тарихы. Торғай таңы. Торғай тарланы. Торғай тарханы. Торғай өзені. Торғай өлкесі. Торғай аңғары. Торғай үстірті. Торғай көтерілісі. Торғай толғауы бірінен-бірі оза шапқан қандай сұлу тіркестер десеңізші! «Теңдессіз Торғай» десең тіпті, сардаланың ажары ашыла түскендей. Бұған «Торғай тылсымын» тағы қосыңыз. Қойнауына талай құпияны бүгіп жатқан қарт Торғайды сөйлетсең қалай сайрар еді?! Әлбетте, оны тыңдайтын құлақ, елтитін ес, сезінетін жүрек керек. Осы жердің тумасы, ақын ағамыз Ғафу Қайырбеков: «...Торғайдың өзінен-өзі аңызы өсіп кеткен өлке, даңқы озып кеткен дала» деп бекер айтпаған. Шындығында, Торғайдан шыққан тарихи тұлғаларды тізе бастасаң, санынан жаңыласың. Ал, «осы өлкеге келген өзге өңірліктер мидай даланы көргенде, «ит байласа тұрғысыз жер екен» деп, *бастарын бір шайқаса, сол сақарада туған* аты әйгілі даналар мен тума таланттардың туындысына тағы таңдай қағатындығы» туралы таным қалыптасқалы қашан?! Сол таңданғандардың қатарында ахметтанушы ретінде мен де бармын.

XVIII ғасырда қазақ ұлысын бір тудың астына жинаған Абылай ханның ақылманы һәм серігі, жоңғарларға қарсы соғыста қол бастаған батыры, қазақтан шыққан тұңғыш тархан Қошқарұлы Шақшақ Жәнібек, XIX ғасырдағы ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин, XX ғасырдағы қазақ халқының ар-ожданы, ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлы, Алаш ардагері Міржақып Дулатұлы, халық батыры Амангелді Имановтай нарқасқалар шыққан. Олардың алдындағы және кейінгі дарабоздары мен таланттары қаншама! Иә, адамзаттың алыбы Ахаңның ғұмыр жолын зерттеу барысында ғұламаның туған жеріне арнайы сапармен бірнеше рет барып, талай оқиғалардың куәсі болғандықтан Ахаңның ізбасары, Аққөлден шыққан академик Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев туралы танымыммен бөліссем, өскелең ұрпақтың тәрбиесіне септігі тиер деген үміттемін. Бабалар ғибратына жүгінсек, «жершіл болма, жеріңді сүй», «рушыл, жүзшіл болма, тегіңді біл», «ұлтшыл болма, ұлтыңды құрмет тұт» деген тағылым бар. Бұл өзін қазақпын дейтіндердің

жадында мәңгі сақталуға тиіс аталы сөз. Ұлттық санаға жеткен ұлылардың ұлағатын өміріне темірқазық еткен Кенжеғали ағайдың шапағаты талайларды «тұлға» деген мәртебеге жеткізіп, жетекші лауазым иелері атандырды. Бұған әр ұлыстан, әр аймақтан, әр жүзден, әр ауылдан, әр шаһардан шыққан үзеңгілес замандастары мен шәкірттерінің жазғандары дәлел, ал, менің айтарым басқа.

Әлі есімде, Ахмет Байтұрсынұлының 125 жылдық мерейтойына орай, Үкімет тарапынан 1997 жылы Қаулы шығып, қым-қуыт жұмыстар басталып кеткен-ді. Бұл тұста Алматыдағы Ахаң мұражайының ғылыми қызметкері болып жұмыс істеп жүрген маған «Академик Сағадиев Байтұрсынұлының экономикалық көзқарастары туралы өзекті мақала жазыпты, арнайы барып, сұхбаттас» деген тапсырма түсті. Әуелі, «иә» деп келіскеніммен, артынша «ЖОО-ның ректорына баруға білік пен дайындығым» әлсіз көрініп, кейінге ысыра бердім... Жалпы, кім-кім де өз өресінің танымына қарай, тірлік етеді емес пе?! Бұйылықпа, әлде тәрбие солай болды ма, әйтеуір Сағадиевпен сұхбаттасуға жүрегім дауаламады. Бұған себеп жоқ та емес еді. Өйткені, экономист-ғалым Кенжеғали Әбенұлы Сағадиевтің атағы жер жарып, әлемдік аренаға танылған «мен мұндалаған тұлға» болатын. Алғашында облыстық, кейін республикалық газеттерде тілші болып жұмыс жасаған тәжірибем де көмек болмады. Арада талай жылдың жүзі өтті. 2003-2006 жылдары «Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаяны, шығармашылығы» атты кандидаттық зерттеу қорғадым. 2005 жылы ғалым мұражайының жұмыстарына жетекші етіп тағайындады, мұны қоғамдық негізде әлі күнге атқарып келемін, әрі ең сүйікті ісіме айналды.

2009 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі тарапынан «Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық мұрасын насихаттауда кешенді шараларды ұйымдастыру жобасы» бойынша тұлға өмірі туралы деректі фильм және ғалымның мұрасы жөнінде анықтамалық дайындауға тапсырыс алдық. Атағы дардай, күрделі жұмыс. Күрделі жұмыстың басында күрделі тұлғаның тұруы ғылыми жобаға абырой әкелері анық. «Сабақты ине сәтімен» демекші, академик Сағадиевпен жүздесудің енді нағыз реті деген шешімге келдім. Бұрынғы қобалжу артта қалды. Қазақы ортаға ахметанушы ретінде таныла бастағандықтан, академиктің қабылдауына үлкен бір сеніммен келдім. Жылы жүзбен қарсы алған академик ағай мәселенің мән-жайын тыңдап болған соң, жобаға ғылыми кеңесші әрі теңтөралқа болуға келісімін берді. Жыл ішінде игерілуге тиісті бұл жобаға, шамамен, 10-12 адам қатыстық. Қордың басшысы Серік Самыратұлы Байтұрсынов бастаған топ – Айман Байсалова, Меруерт Бәкібайқызы, Сабыржан Шүкірұлы, Қайдар Байдебеков, Өмірхан Әбдиманұлы, Ербол Тілешов, Гүлжахан Орда, Тоғатай Омаров,



Жұбайы Нағытай Әбітайқызымен бірге



Немерелермен шахмат ойнау да қызық



Немерелерімен



Отбасымен демалыста

Орынай Жұбаева, Ұлан Еркінбаев, Мақпал Ескендірқызы және есепшіміз Людмила Иванова іске кірістік. Берілген мерзім шектеулі. Уақыт тар, жанталасқан қоғам, әйтеуір, айнала азан-қазан. Бейне бір құдды үдере көшкен жұрт сықылды. Арасында академиктің ақыл-кеңесіне жүгінуіне келсең, Кенжеғали ағай сол баяғы сабырлы жүзбен жымия тыңдап, сырбаз сөйлегенде «осы біз неге алқынып жүрміз» деп, тез сабаңа түсесің. Академик ағай араласқан бұл жұмыстың таудай жауапкершілігін бір түйсінсек, министрліктің алдында ұятқа қалмау үшін жобаға бар күш-жігерімізді салып бақтық. Абырой болғанда, ғылыми жұмыстың 90 пайызы игеріліп, қалған уақыты есеп берумен өте шықты. Жыл соңында қалың жұртқа 32 минуттық «Ұлт ұстазы» деген деректі фильм, 18 баспа табақ «Ұлағатты ұлт ұстазы» атты анықтамалық-көрсеткішті ұсындық.

Ғылыми жобаның нәтижесі ойынан шыққан болуы керек, көп ұзамай академик ағайдың тарапынан ойыма келмеген өтемақыға ие болдым. Ол – Алаш арыстарының рухани ордабасы Орынбор сапары. Әлбетте, мұның бәрі қаржыға келіп тірелетіні белгілі. Бұл істің мән-жайын академик Кенжеғали Сағадиев шешіп берді. Осындайда алақанды аспанға жаймай, адамына кез келсең, «іздеген жетер мұратқа» дегеннің растығының куәсі болдым. Бұл академик ағайдың мен білетін жұмыстарының бір парасы ғана. Американың әйгілі жазушысы Марк Твен: «...Мейірімді болу – ұлы іс. Ал, өз жақсылығын жұртшылыққа айтпай, құпия сақтаған адам одан да ұлы», – деген екен. Дәл осы сөз Кенжеғали Сағадиев ағайдың бойындағы қасиетті паш еткендей. Өйткені, «Кенжеғали ағай ауыл мектебінің оқытушыларына қаржылай көмектесіпті», «Бұл күрмеуі жоқ мәселені Кенжекең шешіп беріпті» дегенді талайлардың аузынан естігендіктен, бір қарағанда пақ әрі сұстылау көрінетін ағайдың кеңдігі мен жомарттығына ешқандай да шек келтіре алмайсың. Бір ғажабы, осы қасиеттерді бір адамның бойына сыйғызған Тәңірінің құдіретіне қайран қаласыз. Сонан соң топырағы бөлек Торғайдың сағасында бабалар рухымен қанаттанып өскен жанның басқаша болуы мүмкін еместей көрінеді.

Әңгіменің өзегі – Торғайдың Аққөлінен ұшқан Ахаң мен оның тұяқбасары Кенжекең болғандықтан, енді академиктің рухани ұстазының қағидаттарын негіз еткен кейбір еңбектеріне тоқталайық. 2006 жылы «Ғұлһар» баспасынан «Реформы: аналитический взгляд» атты 4 кітабы, таралымы 1000 дана, жарық көрді. Жинаққа ғалымның әр жылдары жарияланған мақалалары, сұхбаттары, мекемелерге жазған хаттары, түрлі ғылыми конференцияларда жасаған баяндамалары енген. Бірінші кітабы «Жаңару көшінде» деп аталып, үш бөлімге жүйеленген. Беташары ретінде XX ғасыр реформаторы Ахаңның: «Дүниенің төріне қызыққандар төрде орын алып жатыр. Тырыспағандар есікте қалып жатыр. Есікте қалмай төрге тырмысалық, басқалар төрге қалай бара жатқанына қарап, біз де солардың істегенін істейік» деген айшығы беріліпті. Өте қонымды қисын. Адам баласы уақыт озған сайын замана илеуіндегі көштен қалғысы келмейді. Іргеңдегі озық елдің екпініне төтеп берер экономикаң, білімің мен ғылымың сай болмаса, адыра қалатынымызды сұңғыла ойлы ғалым дөп басып, анық түстеген.

Дәл осы ойды бүгінгі жаһандану кезеңіндегі өркениетті елдердің көшінен қалмас үшін қалай, қандай қадамдар жасау қажеттілігі жөнінде



Отбасымен

XXI ғасырдың тоғысында Торғайдың түлегі Сағадиев өзінің өмір тәжірибесінен жинақтаған салиқалы ой-тұжырымдарын ортаға салады. Арада ғасырға жуық мезгіл өтсе де, адамзат баласының ғылымның ғаламдану көшінде өзінің ұлттық болмысын жоғалтпауы ең өзекті мәселе екенін алғашқы реформатор-ғалым да кейінгі заманауи кәсіби-ғалым да айтады. Кенжеғали Сағадиев жаһандану дәуіріндегі түрлі жаңартулардың жаңашылдығы ұлттық рухымыздың діңгегін шайқамайтынына сенімді. Оның пайымдауынша, жер бетіндегі барлық ұлтқа ортақ техника ғылымдарымен қатар, әр ұлттың болмысын танытатын ұлттық ғылымы – оның тілі, әдебиеті, өнері, мәдениеті, тарихы, бір сөзбен айтқанда, гуманитарлық ғылымы қатар дамып, бірге жүргізіліп отыруы керек екен. Өзінің келелі ойын «ғылымсыз ғұмыр – тұл» деп қорытады.

Кенжеғали Сағадиевтің екінші кітабы осы алғашқы кітаптың жалғасы іспетті. Мұнда бүгінгі егеменді Қазақстандағы экономика ғылымының еліміздегі өндірістің барлық саласындағы тұрақты даму жолдарының өзекті мәселелері сөз болады. Экономист-ғалым қазақ ғылымына кеңінен енген экономика терминінің адамзат қоғамының қалыптасуы мен даму үрдісінде қатар жүретін егіз ұғым екенін жаңаша пайыммен түсіндіреді. Әрі бұл саладағы ой-танымын «өткені, бүгіні, келешегі *үнемі жалғастықта дамып, өрбіп отыратыны* табиғи құбылыс, яғни, ұрпақтар үндестігі» деп таниды. Ол ғасыр басындағы ұлт зиялыларының экономика саласындағы ой-тұжырымдарына «Ахмет Байтұрсынұлы және алашордашылардың экономикалық көзқарасы» атты тақырып аясында кеңінен тоқталып, адамзаттың даму тарихындағы жойқын өзгерістерге шолу жасайды. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлы ғасыр басындағы ұлттық мәдениеттің шыңы ғана емес, қазақ халқының көсемі деп дәріптелуінің тылсым тарихына тоқталады. Ұлтымыздың ар-ожданы деп танылған Ахаң бастаған Алаш зиялыларының қалаған әлеуметтік-экономикалық платформасынының бүгінгі таңдағы тарихи және экономикалық ғылымдарының мамандары тарапынан жеткілікті көңіл бөлініп, зерттелмей отырғанына өкініш білдіреді.Үшінші, төртінші кітабында Қазақ елі өркениетті 50 елдің қатарына ену үшін зайырлы мемлекет ретінде оның бүгінгі келбеті қандай болуының шартты жолдары әрі экономикасы дамыған елдермен қалай иық тіресудің қажеттіліктері туралы ой-танымдары мен пайым-тұжырымдары айтылған.

Қостанай облысы Арқалық өңіріне қарасты Торғай елді мекені – еліміздің орталық аймағындағы Сарыарқаның бел ортасында орналасқан бетпақдалалардың бірі. Торғай даласы – қазақ елінің кіндігі саналатын Ұлытаумен шектеседі. Яғни, созылған сар даланың бір шеті – күншығыс жағында Жезқазғанның кең жазираларымен түйіссе, солтүстігі Ақмола, Қарағанды аумағына барып құлайды. Батысында Ақтөбенің Хромтауы қос өңірге ортақ мекен *болса, оңтүстігі Қызылорданың бұйра құмымен* шектесе, иін тіресіп жатыр. Міне, осы ежелгі Торғайдың тарихи атауы, сол елден түлеп ұшқан хас ұлдарымен асқақтап, барша бұқараға аян болса, ал, сол Торғайдан шыққан тарихи тұлғалардың ерекше қасиетпен дарылануы көне Торғай топырағы киесінің құдіреттілігінен болса керек. Ылайым, бабалар мұрасымен рухтанатын ел азаматтарының қатары көбейіп, ұлт мүддесіне жұмыс жасағай деп тілейік.



К.Сағадиевтің отбасында Президент Н.Назарбаев және бір топ жолдастарымен. 2008 ж.



Кенжеғали Сағадиев Қырымбек Көшербаевпен бірге

Кенжеғали Әбенұлының заманауи өркениеттің талабына сай қоғамға керекті өзекті мәселелерді көтере білген, әрі оны шешудің оңтайлы жолдарын ғылыми жүйелеген ғалым екендігі шынайы ақиқат. Ендеше, Кенжекеңе ұлт мүддесі үшін жегілген маңдай тердің өтілін бүгінгі өзі баулып, тәрбиелеген білікті мамандары һәм әулеттен өрбіген ұрпақтарының келешек өмірінен көруді жазсын деп тілейміз. Деніне саулық, отбасына ынтымақ, береке берсін!

РАЙХАН САХЫБЕККЫЗЫ,
Алматы қаласы Ахмет Байтұрсынұлы
мұражай-үйінің директоры

МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ,
академик

ЕРДІҢ ДЕ ЕРІ БОЛАДЫ



Өмірге келген пенденің қанша жасарын бір Құдайдың өзі білер. Біреуі мүшелді жасқа жетеді, енді бірі өмірден ерте өтеді. Тағдыр деп осыны айтса керек.

Мүшел жасқа жеткенде мүшелтойды да әркім әртүрлі өткізеді. Соңғы жылдары «пәленше пәлен жасқа келіп ат шаптыртып, ұлан-асыр той жасапты» деген лақап сөзді жиі еститініміз баршылық. Шынында да, тойлардың ішінде қоғамдық мәні бар, жеке бастың өзіндік ғана сәні бар тойлар бар. Бір белеске шығып, алды-артына қарайтын шақ қайраткер, жасампаз жандарға керек-ақ. Мұндай елді елеңдетіп, ойшыл жандарды ойландырып, мүшел тойды желеу етіп, елден жылу жинар тойлар да бар. Өмір бойы жалған дүниені бықсытып, айналасын жынойнақ қылған жандар да тойшыл келеді. Ол – есірік той. Той емес-ау, тойыну, еріккен елге ермек болып желігу. Иә, бұл күнде мұндай тойлар да көп.

Көп тойлардың ішіндегі ел көзіне ерте түсіп, ерте танылған, ғалым-экономистердің ішінен қайраткерлік танытқан Кенжеғали Сағадиев, Нұрғали Мамыров, Көпжасар Нәрібаевтардың ел күтіп жүрген мерекелік-берекелік мүшелтойлары 1998 жылдың еншісіне тигенін атап айтқым келеді. Бұл үш батыр жалаңаш батырлар емес, 50-70 жылдары Қазақстан экономикасы күрт өсіп, Одақ шеңберіндегі алып құрылыстар өлкесі атанған кезде көш бастар ағалары – С.Бәйішев, Т.Шәукенбаев, Ф.А.Жеребятьев, С.Нейштад, С.Бровер, А.Белов, т.б. Қазақ мемлекеттік университетінде экономика мамандарын даярлайтын факультет ашты. Ол кейін енші алып, Халық шаруашылығы институты атанды. Жас барыстарға Ш.Нәдіров, В.Фуриция, Я.Әубәкіров, Д.Қабдиев сияқты жас ғалымдар ұстаздық, ағалық жасады. Алды-артын қоршап А.Қошанов, Қ.Оқаев, К.Бердалиев, С.Сатыбалдин сияқты өнерлі замандастары ғылымның қазақ көгінде кенже саласын дүркіретіп ала жөнелді.

Міне, осы лекте қатарынан суырылып шығып, білімді, ғылымды ұйымдастыру саласында ерекше көзге түскен алғашқы қарлығаштарының бірі Кенжеғали Сағадиев еді.

Ел арасында, замандастары арасында Кенжеғали туралы әртүрлі пікір барын айту керек. Оның себептері де жоқ емес. Біріншіден, Кенжекеңдегі құдай берген сабырлылық, ұстамдылық кейбіреулерге маңғаздық, өркөкіректік болып көрінуі ғажап емес. Екіншіден, өнері елден асқан ғалым, білімімен ғылымды ұйымдастырушы өз жолын ешкімге бермейді, алды-артына қарамай, нысанаға тура тартатын кезі де бар. Жүйткіп бара жатқан тұлпармен үзеңгі қағыстырып, қосарлана кету екінің бірінен шықпайтыны белгілі. Осы тұста оның қаракеті оппоненттеріне диктаторлықтай көрінеді. Үшіншіден, өмір жолы негізінен кедір-бұдырсыз, өсу жолындағы інілерімізде, оның ішінде Кенжеғалида ет қызулық жоқ емес. Мәселені қойып, талқылау барысында өресі жетіп тұрған мәселелерді шешуде өрлік жасайды. Сөз жоқ, мұндай мінездің жақсы жағы да, қайшылық жағы да бар. Атқан тас тауға өрмелер кезде қалың көпшілік мұндай шешімді, тәуекелге салып істелген игілік істі дұрыс түсініп, құба-құп қарсы алады. Ал, құбылып тұрған заманда шұғыл қимыл, батыл шешім екінің біріне жаға да бермейтіні хақ. Төртіншіден, Кенжекең ауыл баласы болды, қара шаруа отбасында тәрбиеленді. Жастығы жоқшылықта, таршылықта өтті. Жастықтың буымен, заманның таланттыға жетекшілік жасар жақсылығымен ол жоғары оқу орнын бітіріп қана қоймады. Москваға – ғылым ордасына барып шыңдалды. Ол өте көреген, білікті, білімді, экономика ғылымдарының бір саласында пайғамбарлық рөл атқарған Н.Д.Фасоляк деген ғалымның шәкірті болды. Міне, осылай қазақша, орысша тәрбие алды, екі тілде бірдей оқыды, жазды, ойлады. Ана тілінің мәдениеті, өз халқының менталитеті мен орыс халқының озық мәдениетін бойына сіңірді. Міне, осы қос тілдегі жорғалылығы шабысқа үдеді. Шешендік мәдениетті игерді. Елді басқару өнері ағалық, билік өнеріне ұласты. Осылай жас Кенжеш ел ағасы дәрежесіне жетті. Жоғары оқу орнындағы шеберден республика, одақ көлемінде жақсылық аты жайылды, ал, қайта жаңару, түлеу, егемендік жылдары әлемдік ғылыми ортаға есімі танылды. Әрине, мұндай тірлік досты қуантады, тарлық жасайтын жандар арасында қызғанышты тудырады. Қалай болғанда да Кенжекең – сегіз қырлы, бір сырлы азамат, халық мақтанышы. Ол елге көптеген қадір-қасиеттерімен қымбат. Ол қадір-қасиет, ең алдымен, тәуелсіз елдің кәдесіне жарайтындығында. Ол өтпелі кезеңнен өту кезіндегі өзінің дайындаған концепциясынан айқын көрінді. Ол білім мен ғылымның толғағы жеткен проблемаларын әлемдік деңгейде шешуде көрсетіп жүрген ғалымдық позициясында. Ол заманда

біртуар Ғабит Мүсірепов, Серке Қожамқұлов, Сақтаған Бәйішев, Ісмет Кеңесбаев, Сырбай Мәуленов, Қажахмет Сәдуақасов, Түймебай Әшімбаев сияқты халық перзенттерінің қасында жүрді, тірісінде сыйласты, әруақтарына табына білді. Шынын айту керек, кеше арада жүрген, бүгін о дүниелік болған жандарды ұмытпай, есте ұстау – көрінген пенденің қолынан келе бермейтін қасиет. Өтпелі заманда сан-сапалақ додаға түскен ауыл мен қала еңбекшілеріне, олардың оқып, білім аламын деген балаларына көрсетіп жүрген қамқорлығынан да оның азаматтығы танылды.

Біреулерге Кенжеғали мансапқор жан болып көрінуі мүмкін. Ал, мансапқа талпыну – сол мансапқа сай білімі, өнері бар жанға лайық табиғи құбылыс. Өнері жоқ, білімі жоқ, қуыс кеуде, өркөкірек жандар мансапқа жету үшін айла, арамзалық әрекет жасайды, мансапқорлық танытады. Кенжеғалидың өсу жолы – табиғи өсу, оның мансабына талабы мен таланты сай. Ұлттық Ғылым академиясының президенттігіне баламалық жабық дауыспен академия мүшелерінің қалың тобы ғылым көшінің сардары етіп сайлағаны – осының дәлелі. Ол қарсыластарын әділ күресте жеңді. Ол қай қызметте жүрсе де өзіне де, өзгеге де жоғары талап қояды, тапжылмай еңбек етеді. Еңбексүйгіштік ізденіс жолы, тыңнан жол салу, жұмыстың ғылыми негізделген арнасына ұмтылу Кенжеғалиға тән қасиеттер.

Кенжеғали – жаңа формацияның түлегі, ол бұрынғы кезден ізгілікті, адамгершілік парасатты бойына сақтаса, жаңа нақты нарық кезінде экономика ғылымының жетістіктерін Отан кәдесіне жаратуға ұмтылады. Ол – нарықты өркениеттің жаршысы ғана емес, оның қыры мен сырын қалың елге үйретуші ұстаз. Өмір керуенінде артқа емес, алға қарау, өткеннен сабақ алу, өзіне де, өзгеге де сын көзбен қарап, замана талабының елегінен өткізуге ұмтылу болар елдің перзентінің болмысына тән.

Кенжеғали қатардағы адам емес. Ол – елдің бір де болса бірегей перзенті, ердің ері. Кешегі ауыл баласы, студент, университеттің ассистентінен Ұлттық академияның толық мүшесі, одан қалды Қаныш Имантайұлының ізбасары дәрежесіне дейін жетуі, бұл күні жоғары оқу орындарының зерделі ұйымдастырушыларының бірі болуы, тәуелсіз елдің Елбасы ұстаған көгілдір байрағының түбінен табылуы – осының дәлелі.

Кенжеғали бүгінгі мүшел жасына кемеліне келіп, болашаққа деген үміт-мақсаты шыңдалып жетіп отыр. Алда талай асулар бар. Ол – ғылым, білім асулары. Тәуелсіз елдің 2030 жылдарға дейін бағдарланған игі шараларын тегеурінді күшпен, өнерлі іспен, қарымды қарқынмен іске асырар кезеңде нардың жүгін арқалар, нар азаматтардың парызын өтер күн туды. Сондай нар ғалым, нар азамат Кенжеғали Сағадиұлының өмірдің алдағы белесінде де маңдайы ашық, жүзі жарқын, жолы сара, ісі дара болғай!

«Түркістан»,
18-24. 02.1998 ж.



Аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, академик К.Ә.Сағадиев мырзаға

Қадірлі Кенжеғали Әбенұлы!

Артыңыз – даңғыл. Алдыңыз – асқар. Әдемі жастасыз. Сәби кезіңізде жатқан бесігіңіз, есейген соң ашқан есігіңіз құтты болыпты. Жігіттің ең сүлейіне бұйырмас бақыттың бәрі маңдайыңызда. Енді, міне, Құдайдың сүйген құлы болып, Халқыңыздың сүйген ұлы болып, жер ортасы жетпіске жетіп отырсыз.

Қабылсаят суындай шарапатты дәмге ие қасиетті Торғайдың мөлдіріне қанып, қазақтың іргесін бүтіндеп, туын тіктеген Жәнібек Қошқарұлының өрбіген алтын тамырынан түйнек салған мәуеге лайық нәрлі де нұрлы дәурен кешіп келесіз.

Ұлтымыз ең қиын өткелдерден өтіп, ең биік мерейлерге жеткен жиырмасыншы ғасырдың әрі сүрен, әрі перен тарихында Абай, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Әлихан, Қаныш, Мұхтар, Бауыржан, Әлкей, Сәбит, Ғабиттер ат байлаған Асқақ Абырой сөресіне өз тұлпарыңызды сіз де бекем байладыңыз.

Алдыңыздағы бабаларыңыз бен ағаларыңыздай бәріне де өзіңіздің емес, еліңіздің, өткінші емес, мәңгіліктің қамын жеген қажырлы еңбегіңізбен, саф талантыңызбен, сақи адамгершілігіңізбен жеттіңіз.

Жиырма бірінші ғасырға Тәуелсіз Қазақ Мемлекетінің іргетасын қалаушылырдың, Азат Қазақ ұлтының рухани көсемдерінің бірі болып аттап отырсыз. Өкінішіңіз жоқ. Арманыңыз көп. Дегеніңізге жеттіңіз! Аға жасындасыз. Баба жасына келіңіз! Асқар таудың басындасыз. Ұшпақты да көріңіз! Дүние тұнғанша тұрыңыз!

Құшақтассақ, құшағыңызды
толтыратын құрдасыңыз
ӘБІШ КЕКІЛБАЙҰЛЫ
Ақпан, 2008 ж.



КЕМЕҢГЕР ҰСТАЗ, ТАЛАПШЫЛ БАСШЫ, ЕҢБЕККӨР ҒАЛЫМ, АКАДЕМИК КЕНЖЕҒАЛИ ӘБЕНҰЛЫ САҒАДИЕВТІҢ 75 ЖАС МЕРЕЙТОЙЫ ҚАРСАҢЫНДА, ӨЗІ БАУЛЫП, ҒЫЛЫМ КӨГІНЕ ҚАНАТЫН ҚАҚТЫРҒАН ШӘКІРТІ ГҮЛНАР НҰРМҰХАНОВАМЕН СҰХБАТТАСҚАН ЕДІК.

ГҮЛНАР ЖАҒЫПАРҚЫЗЫ НҰРМҰХАНОВА,
Халықаралық бизнес университетінің Академиялық мәселелер жөніндегі бірінші проректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор.

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ ЖҮЙЕСІНІҢ КӨШБАСШЫСЫ

– Гүлнар Жағыпарқызы, әңгіменің әлқиссасын академик ағаймен қызметтес болуыңыздан бастасақ...

– Кенжеғали Әбенұлымен бірге еңбек ету бақыты менің маңдайыма бұдан он жыл бұрын бұйырды. Мен 2002 жылы Халықаралық бизнес университетіне қатардағы экономика ғылымдарының кандидаты, доцент болып қызметке келдім. Ал, бір жылдан кейін 2003 жылдың соңында Кенжеғали Әбенұлы осы оқу орнындағы мекемелердің бірі – Экономика және менеджмент кафедрасын басқаруды маған сеніп тапсырды. Осында жұмыс жасай жүріп жоғары оқу орнындағы менеджменттің үлкен мектебінен өттім. Кенжеғали Әбенұлының бастамасымен жалғасын тапқан осы мекемедегі өрлеу сатыларым 2007 жылы МВА бағдарламасы департаментінің директорлығы және 2009 жылы бірінші проректорлық лауазымға тағайындалуым болды. Әрбір лауазымның сатысына жоғарылаған сайын, Кенжеғали Әбенұлының тарапынан зор сенім, үлкен қолдауды сезініп отырдым. Ал, бұл дегеніңіз, адамға орасан күш пен өзіне





Ұлт зиялылары Елбасымен бірге

деген сенімділік береді, жауапкершілігін арттырады. Сонымен қатар, ұйымдастырушылық пен басқарушылықтың іргелі дағдыларын қалыптастырып, дамытуға мүмкіндік туғызды.

– Сіздің танымыңыздағы Кенжеғали Әбенұлының кісілікті кескін-келбеті қандай?

– Кез келген қоғамда ерекше тартымдылық пен құрметке ие жандар болады. Адамдар оларға ұршықша үйіріліп, араласуға, бірге жұмыс жасауға себеп іздеп, ақыл-кеңестер естуге ұмтылады. Осындай тұлғалар санатына, сыни өмір мектебінен өткен, республикамыздың зияткерлік қазынасы ұлт болмысын сипаттаушы және «халықтық келбетті сомдаушы» *мамандардың алтын қорына Кенжеғали Әбенұлы Сағадиевті жатқызуға болады.* Кемеңгер ұстазды дараландырып тұратын негізгі қасиеттері – өмірлік ұстанымының белсенділігі, кәсіби құзыреттілігі, өз міндеттерін адал атқару, өзі және айналасындағыларға жауапкершілігі, мақсаткерлігі, орасан еңбекқорлығы, ірілі-ұсақты істердегі талапшылдығын ерекше атар едім.

Кенжеғали Әбенұлы жұмыс үдерісіндегі жауапсыздық пен жалқаулыққа жаны төзбейді. Кез келген жұмысқа жауапкершілікпен қарайтындықтан, ол үшін жұмыстың ұсақ-түйегі деген болмайды. Ол нені және қалай істеу



М.Қозыбаев, Ә.Нұрпейсов, С.Зиманов, К.Ормантаев, К.Үшпаев, К.Сағадиев, Ө.Сұлтанғазин т.б.

керектігін біледі, мақсат етіп қойған жоспарларын өмірге табанды түрде және мұқият енгізеді. Айналасына шуақ шашып тұрады және ой-пайымдауларын бөлісіп отырады. Оған іскерлік пен жаңашылдықты сезіне білу, келешекті көрегенділікпен болжау, басты мақсаттарды алдын ала білу тән. Оның, бір қарағанда, өмірдің күнделікті қарбаласының аясында, мұншалықты әдеттен тыс жарқырай көрінетініне еріксіз тамсанып, таң қаласың.

Кенжеғали Әбенұлы – жаңашыл ғалым. Жоғары оқу орындарының даму келешегін айқын жоспарлау, ерекше ұйымдастырушылық қабілет, терең кәсіби білім, ұжымның мойындауы оған өзі басқарған барлық оқу орталарында жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Жоғары мектеп пен ғылымның тарихында бір тұлғаның республикалық оқу орындарының бірінен соң бірін басқаруы соншалықты жиі кездесетін жайт емес. К.Сағадиев жоғары оқу орындарының тәжірибелі басшыларының бірі және ғалым ретінде республиканың экономикалық, қоғамдық-саяси өміріндегі бірқатар маңызды бағыттарға белсене атсалысты. Ол – жоғары білім беру жүйесіндегі мойындалған бірден-бір реформатор-ғалым.

– Кенжеғали ағайдың ғылыми қайраткерлігі турасында түйген ойларыңыз...

– К.Сағадиевтің қызметінде қашанда ғылыми-зерттеушілік және ұйымдастырушылық жұмыстар басты орынды иеленеді. Оның зерттеушілік дарын қабілеті орасан. Ал, ғылыми қызығушылығы ізденіс бағыттарының жаңжақтылығымен ерекшеленеді. Кейінгі жылдардың барлығында еліміздегі ғылыми мектеп пен экономика ғылымының соны бағытын жасаушы көрнекті ғалымдардың бірі әрі өзі таңдаған ғылым жолында табандылықпен алуан жұмыстар атқарып келеді. Соның нәтижесінде басқару мен әлеуметтік бағытқа арналған нарық экономикасының тиімді қызмет көрсетуінің шаруашылық тетігін пайдаланудың мәселелері жүйе ретінде дамып келеді. Ұлттық экономиканың, оның салалары, аймақтардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы өзекті мәселелер өзектілендірілуде, Қазақстанның жаңашылдық экономикасының мәселелері, экономикалық және әлеуметтік даму нысандарының жаңашылдық белсенділігін арттыру қажеттілігі тұжырымдамалы түрде негізделіп жатыр.

К.Сағадиевтің белсенді қызметтері мен іс-әрекеттерін республиканың ғылыми



Салық Зимановпен бірге



Жұбайы Нағытай және Гүлнар Міржақыпқызымен бірге



ХБУ-дағы тұсаукесер рәсімде



ХБУ-нің озат студенттерімен бірге

қауымдастығы лайықты түрде бағалады.

1989 жылдан бастап, ол 1994 жылы ҚР ҰҒА-ның президенті болып сайланғанға дейін ҚазКСР ҒА-ның корреспондент-мүшесі, ҚазКСР ҒА-ның Бас ғылыми хатшысы лауазымдық сатыларынан өтті. Осындай тәжірибелер барысында оның ұйымдастырушылық таланты ашылды. Ол академиялық ғылыми құрылымдар мен кәсіби ғалымдарды жақсы тани білді және оған Егеменді Қазақстанның ғылымындағы негізгі ұйымдастырушылық-басқару мәселелері де белгілі болатын. Кенжеғали Әбенұлы Қазақстанның ғылыми-техникалық дербестігіне қол жеткізуді мақсат етіп қойды және Ұлттық ғылым академиясының міндеттерін шешуде осы мақсатқа түбегейлі қол жеткізуге бағытталды.

К.Ә.Сағадиев 240-қа жуық монографияның, жүздеген ғылыми мақалалар мен зерттеу еңбектердің, оның ішінде экономика жөніндегі 30-дан аса монографияның авторы. Оның жетекшілік етуімен 15-тей докторлық және 40-тан астам кандидаттық диссертациялар қорғалды.

Мен Кенжеғали Әбенұлының білім жүйесіндегі менеджменттік кәсіби салада ғана емес, ғылым саласындағы шәкірті болып саналамын. Өйткені, докторлық диссертациям оның ғылыми жетекшілік жасауымен жазылып, 2008 жылы сәтті қорғалды. Ағайдың ғылыми кеңесші ретінде қосқан үлесі баға жеткісіз, ол зерттеу барысында ғылыми ізденістің бағытын *айқындауға қажетті ұстанымдар бере біледі.*

Өзінің бай тәжірибесі мен біліктілігін көрсете алады, оңтайлы шешімдерді қабылдап, тиімді кеңестер берудің шебері.

Бүгінгі таңда К.Сағадиев университетіміздің құрметті президенті. Ал, осы оқу орны Кенжеғали Әбенұлының төлтумасы, ол бүгінгі бизнес пен біздің дамушы экономикамыздың ертеңіне қажетті білікті мамандарды дайындайтын заманауи білім ордасы. Бұл жұмысты біз Кенжеғали Әбенұлының тікелей басшылығы негізінде жүзеге асырып келеміз және өзіміздің осы оқу ордамызды Қазақстанның білім беру қызметінің нарығына асқақ абырой және биік беделмен ұсына аламыз.

– Мерейтой иесіне айтар тілегіңіз...

– Орасан еңбек пен айқын таланттың арқасында Кенжеғали Әбенұлы бірінші дәрежелі маман-тәжірибешілер мен экономист-ғалымдардың тұтас буынын тәрбиелеп, баулып шықты. Сонымен бірге, ол біздер үшін үздік адами қасиеттердің қайнар көзі, тағылым мектебі.

Осынау мерейлі 75 жасқа толуы қарсаңында Кенжеғали Әбенұлына күш-қуаты артып, ғылым жолында әлі де белестерге шыға берсін деген тілек айтқым келеді. Соңынан ерген шәкірттері бар ғалым – нағыз ғалым, бақытты ғалым. Біз ол кісіге ұстаз бақытын тілеймін.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан
БЕЙБІТ ТӨЛЕГЕНҰЛЫ

КЕНЖЕҒАЛИ САҒАДИЕВ
НАҒЫЗ АДАМ, ӘМБЕБАП ҒАЛЫМ



ДАМИР АБДУХАЛИҰЛЫ ШЫНЫБЕКОВ,
IT халықаралық университетінің ректоры,
экономика ғылымдарының докторы, профессор

Қай салада болмасын адам баласының жасаған игілікті істері оның тәрбиелеген шәкірттері арқылы өміршең болмақ. Бұл жолда Кенжеғали Әбенұлы Сағадиевті «айы оңынан туған ұлағатты ұстаз» десек болады. Ғалымның ғылым жолында баулыған шәкірттері бүгінде еліміздің маңдайалды оқу орындарын басқарып, іскерлік қабілеттерімен біліктілігін дәлелдеп келеді. Солардың бірі – Кенжеғали Әбенұлының шәкірті, IT халықаралық университетінің ректоры Дамир Абдухалиұлы Шыныбеков.

Кенжеғали Әбенұлының мерейтойы қарсаңында ұлағатты ұстаздан тәлім алған талантты шәкіртпен жүздесіп, тәлімгері жайындағы пікірін тыңдаған едік.

– Дамир Абдухалиұлы, сіз Кенжеғали Сағадиевтей ұлт мақтанышының тәлімін алған екенсіз, ол кісіге шәкірт болу бақыты қалай бұйырып жүр?

– 2001-2002 жылдары аралығында Қазақ экономикалық университетінде кандидаттық диссертациямды қорғап, іскерлік жұмысқа енді араласқан кезімде, Кенжеғали Әбенұлының ұсынысымен Халықаралық бизнес универитетіне декан лауазымына шақырылдым. Бұл ұсыныс мен үшін аса маңызды еді. Әрі оны «Алла тағаланың сыйы» деп те қараймын. Себебі, мен Кенжеғали Әбенұлын қазақ қоғамындағы орны ерекше тұлға ретінде, ғылым жолында қайталанбас сара жолы бар ғалым-реформатор ретінде өзіме үлгі тұтатын едім. Сонау студенттік жылдардың өзінде-ақ оқу барысындағы кез келген зерттеу жұмыстарыма ол кісінің зерттеуі мен ғылыми еңбектерін қолданушы едім. Мен ғана емес, экономикалық бағытта білім алып жатқан жастардың бәрі ол кісінің ғылыми еңбектерін оқыды. Ол кездерде қазақша ғылыми зерттеулер жоқтың қасы. Сол себептен де, бұл салада Сағадиевтің орны біз үшін ерекше болды. Әрбір еңбегін саралап оқып, жұмыстарыма жиі қолданатын болғандықтан,ол кісі туралы өте жақсы білдім. Ал, ұсыныс жасаған уақытта қуана-қуана келістім. Себебі, ол кісінің қоластында жұмыс істеу мен үшін әрі сын, әрі мақтаныш еді. Аталмыш жоғары оқу орнында 2009 жылға дейін әртүрлі факультеттерде декан болдым. Сол жылдар аралығында тек іскерлік жұмыс қана істемей, Кенжеғали Әбенұлының басшылығымен ғылым жолын қайта жалғастырып, жетекшілігімен докторлық диссертациямды қорғадым. Ерекше айтатын жағдай, экономика ғылымында мен «ең жас ғылым докторы болдым», бұны Сағадиевтің зор еңбегі деп бағалаймын.



Ә.Кекілбаев, Ш.Айтматов, К.Сағадиев, З.Қабдолов



Иманғали Тасмағамбетов және Қуаныш Сұлтановпен бірге

– Кенжеғали Әбенұлының қандай қасиеттерін үлгі тұтасыз?

– Кенжеғали Әбенұлының ерекше қасиеттері өте көп. Мынау қасиеті «ерекше» деп басып айту өте қиын. Себебі, ол нағыз адам, әмбебап ғалым. Ал, нақтырақ айтсам, талапшылдығы мен қызметтегі жүйелілігі және әрбір істеген ісіне қорытынды жасап отыратындығы қатты қызықтырады. Осы жағынан ол кісіге ұқсағым келетін. Әлбетте, Кенжеғали Әбенұлы маған сенім артып, ғылым жолында да, іскерлікте де өз білгенін үйретті. Мен ол сенімді ақтаймын деп ойлаймын. Және де ол кісінің есте сақтау қабілеті жоғары, өте еңбекқор. Қай жағынан алсақ та, Кенжеғали Әбенұлының бойындағы өзгелерден табыла бермейтін бірізділік пен шыншылдық барлық істеген істерінен айқын көрініс тауып тұрады. Ол – мінсіз басқарушы.



Манаш Қозыбаев және Бәйкен Әшімовпен бірге

– 75 жасқа толып отырған ұстазыңызға айтар жүрекжарды тілегіңіз де бар шығар?

– Кенжеғали Әбенұлына ең әуелі денсаулық тілеймін. Бүгінгі қазақ қоғамының келбетіне айналған ағайымызға ғылым өрінде тәрбиелеген шәкірттерімен мақтануды жазсын!

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен
Гүлжанар
АМАНТАЙҚЫЗЫ



Даниал Ахметов, Манаш Қозыбаевтармен әңгіме үстінде

Ғалым деген кім? Ғылымның бір саласын бүге-шігесіне дейін зерттеп, оқығаны мен тоқығанын еліне арнаса, сол адам нағыз ғалым атанар. Ал, қара басының қамы үшін білім мен ғылым жинаған адам әсте ғалым атанбас. Біз бүгін нағыз ғалым, академик, ел дамуына орасан зор үлес қосқан азамат – Кенжеғали Сағадиев туралы сөз қозғаймыз.

ЕЛІ ҮШІН ТУҒАН ЕР



Құралай НҰРҒАЛИЕВА,
экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, Халықаралық бизнес университетінің Маркетинг және туризм кафедрасының меңгерушісі

Ел үшін туған ерді елі құрмет тұтады. Академик Кенжеғали Сағадиев ғылыми ортада да, билік өкілдерінің арасында да зор құрметке ие адам. Өмірін ғылым мен білімге, ел дамуына арнаған азаматтың әрбір қадамы, әрбір сөзі, ғылыми жетістігі келер ұрпаққа үлгі болары сөзсіз. Ғылым қуып жүріп, елдің дамуын да бір сәт естен шығармаған тұлға жайында айтылар сөз де, жазылар пікір де көп-ақ.

Кенжеғали Әбенұлы 1938 жылдың ақпанында Қостанай облысы Жангелдин ауданының №1 ауылында дүниеге келіпті. Алты баланың бірі болып өмірге келген Кенжеғали аға жастайынан зерек болған. Содан болар, Кенжеғали Сағадиев отбасында жоғары оқу орнын бітіріп, өмірін ғылымға арнаған жалғыз бала. Бәлкім, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов сынды біртуар азаматтың кіндік қаны тамған жердің қасиеті болар, Кенжеғали аға бала күнінен алғыр, қағілез, алған бетінен қайтпай өскен қайсар азамат бағытын бірден таңдап, сол жолда аянбай еңбек етті. «Кенжеғали Әбенұлы бала кезінен қағілез, алғырлығымен, зеректігімен көзге түсетін. Оқушы, студент, аспирант кезіндегі білімге құштарлығын, жаңалыққа құмарлығын, оқығыштығын, ізденгіштігін, өмірде болып жатқан құбылыстарға сезімталдығын, қызығушылық қасиеттерін өмірлік ұстаным етті. Жылдар өткен сайын Кенжекеңнің беделі, мәртебесі, лауазымы, қасиеттері күшеймесе, көмескіленбеді, әлсіреген, селдіреген жоқ», – дейді халық қалаулысы Қуаныш Сұлтанов.

Мектеп қабырғасын күміс медальмен тәмамдаған Кенжеғали Әбенұлы 1955 жылы бүгінгі Әл-Фараби атындағы жоғары оқу орнының экономика факультетіне ешбір қиындықсыз оқуға түсіп, оны үздік дипломмен бітірді. Бірақ, жастайынан білімге құштар болған Кенжеғали Әбенұлының басты арманы Мәскеуді бағындыру еді. Университет қабырғасында үлгілі студент атанып жүрген Кенжеғали аға бір күнде сабақты жайына қойып, Мәскеуге оқуға аттану үшін ақша жинаудың қамына кіріседі. «Кетем де, кетем деп өз-өзімнен жұлқынып қоямын. Сөйтіп жүргенде бір күні «комсомол комитетінен іздеу салып жатыр» деген тілдей қағаз жетті. «Дереу келмесең, оқудан шығарыласың» деген хабарламасымен. Амал жоқ, баруға тура келді. Жетісегіз адам менің «мәселемді» қарауға жиналыпты. Біраз «лекциялар» оқылды. Мен үнсізбін. Себебін сұрайды, үндемеймін… Ақыры шыдамай: «Мен Мәскеуге кетемін! Сол жақта оқығым келеді» дедім. Бәрі қыран-топан күліп жатыр. Олардың күлгеніне одан сайын ызам келді. Ақыры қатаң сөгіс беріп, КазГУ-імде қалдырды. Асыл арманым арада бірнеше жыл өткен соң орындалды. 1960 жылы бакалаврды бітіріп, Мәскеудегі А.Н.Плеханов атындағы Халық шаруашылығы институтында аспирантурада білімімді шыңдадым. Докторлық диссертациям да Мәскеуде қорғалды», – дейді Кенжеғали Әбенұлы бір сұхбатында. Адамды алға жетелейтін арман екені сөзсіз. Бір арманның жетегінде жүріп талай толағай табысқа жетуге болады. Мұны Кенжеғали Әбенұлының өмірі айғақтап тұрғандай. Кенжеғали Әбенұлы өмір жолында экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым академиясының академигі, халықаралық жоғары мектеп академиясының мүшесі, Нью-Йорк, Пәкістан Ғылым академиясының мүшесі, Парламент мәжілісінің 3-4-шақырылымының депутаты, Халықаралық бизнес университетінің құрметті президенті атанды. Бұл кез келген адамның пешенесіне жазыла бермейтін жол. Бүгінде мемлекеттік маңызы бар мәселелер жөнінде сұрақ туындаса, барлығы бірдей алдымен Кенжеғали ағаға жолығады. Ғылыми дәлелденген, дәйекті де нақты пікір айтатын ел ағасының әрбір сөзі ел дамуына септігін тигізбей қоймады. Тіпті, әріптестері Сағадиев туралы: «Оған іскерлікпен қатар жаңалықты, алдағы жарқын болашақты көру, сондай-ақ, нақты мақсатты танып білу қасиеті тән. Кенжеғали Сағадиев ерекше қабілетке ие басшы, қайраткер. Ол мемлекеттің интеллектуалдық жетістігінің, кадрлардың алтын қорының бір бөлігі», – деп баға берген. Расында, Кенжеғали Сағадиев бір емес, бірнеше жерде басшылық қызметті абыроймен атқарды. Қызметте жүріп, ол ғылымды да ұмыт қалдырған жоқ. Мемлекетіміздің жаңа даму жолы мен экономикалық ғылымының жаңа бағыты бастау алған тұста Кенжеғали Сағадиев өзінің ерен еңбегін көрсете білді. Бүгінде экономист ғалымдар Кенжеғали Әбенұлының басқару мәселесінің маңыздылығы мен шаруашылық механизмді пайдалану туралы алғашқы болжамдары әлеуметтік негізге бағытталған нарықтық экономиканың дұрыс қызмет жүйесін анықтаған негізгі тетігі болғанын айтады. Кеңестік одақтың кезінде мойындалып, үлкен ілтипатқа ие болған еңбектері Кенжеғали Сағадиевтің экономикалық ғылымның болашағын дәл болжай білетін қарым-қабілетінің жоғары екенін дәлелдесе керек. Ғылыми жолында 240 ғылыми монография, мақала, экономика саласы бойынша 10-нан аса монография жазып, жарыққа шығарған ғалымның әрбір болжамы бұрыс болуы да мүмкін емес еді. Кенжеғали

Сағадиев еңбек жолын ұстаздықтан бастаған. Шәкірттеріне талмай білім беріп, өзінің бойына жинаған парасаттылығы мен адал еңбекпен нан табу деген ізгі қасиеттерді шәкірттеріне дарыта білді. Қайда барса да, еліміздің қай өңіріне жолы түссе де Кенжеғали ағаға шәкірттері алғысын жаудырып, ұстаздық қызметі үшін ризашылығын білдіреді. Ұстаз үшін бұдан асқан құрмет болар ма?! Академик Сағадиевтің басшылығымен 14 докторлық және 38 кандидаттық диссертация қорғалған екен. Ғалым үшін бір орында қалу аздық етер. Тек бір саланы ғана емес, өзі зерттеген саланың әрбір саласын зерделеп, одан қорытынды шығару ғалымның негізгі міндеті. Агроөнеркәсіптегі шаруашылық механизмдерді зерттеп, оны аграрлық сектордағы шаруашылықтың экономикалық әдісіне көшіру мәселесі Сағадиевтің зерттеу нысанына айналды. 1980 жылдары Целиноградта кеңестік маңызы бар ауылшаруашылық биотехнологиялық орталық құрылды. Оны басқару тізгіні Кенжеғали Сағадиевке сеніп тапсырылады. Өз ісіне жауапты қызметкер әп-сәтте-ақ орталықтың жұмысын домалатып әкетеді. Бүгінде біз тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемге танылған ғылыми орталықпен мақтана аламыз. Бұл орталық бидайдың жаңа түрін, жаңа әрі тиімді биоқұралдарды да шығарады. Тағы бір айта кетерлігі, орталықта шығарылған бидайдың бір түріне Сағадиевтің есімі берілген. Бұл ғалымның еңбегіне берілген баға десек те болар. Бүгінде бидайдың «Кенжеғали» деп аталатын түрі бар.



Еліміз тәуелсіздігін жариялап, жаңа даму бағытына көшіп, мақсат-міндеттерін айқындаған тұста да Кенжеғали Сағадиев сырт қалған жоқ. Кенжеғали Әбенұлымен қызметтес болып, дәм-тұзы жарасқан сенатор Қуаныш Сұлтанов былай дейді: «Академик Сағадиев, әсіресе, тәуелсіз мемлекетімізде жаңа экономикалық реформалардың ғылыми сарапталуына, жаңа стратегиялық экономикалық жобалар мен болжамдар жасауға, жаңа ғалымдық, ізденгіштік, шығармашылық шабытпен кіріскенін айрықша айтсақ әділдік болар. Ол жаңа экономикалық жүйе туралы өзінің ұсыныстары мен пікірлерін мерзімді баспасөзде жариялап, әртүрлі ғылыми конференцияларда, билік салаларының жиналыстарында сөз алып, қоғаммен белсенді түрде ой бөлісіп келеді. Өз ұсыныстарын Президентке, Үкіметке де іркілмей айтып, жаңа құбылыстардың ғылыми-теориялық ерекшеліктеріне назар аударуды да өз парызы санайтын көрнекті ғалымның бірі – осы Кенжекең. Бұрынғы экономикалық жүйе құлап, еліміз жаңа рыноктық экономикалық қатынасқа көшіп, еркін экономика туралы неше түрлі ұшқары пікірлер айтылып жатқанда академик Сағадиев еркін экономиканың мемлекеттік басқару қажеттігі туралы да табанды пікір айтты. Академиктің сөзін өмірдің өзі растады. Тек мемлекеттің қатысуы арқылы экономикалық жетістіктерге қол жеткізу мүмкіндігін бүгінгі үдерістер дәлелдеп отыр. Дүниежүзінің көптеген мемлекеттерінде өткізілген халықаралық конференциялар мен ғылыми форумдарда беделді баяндамалар жасап, Қазақстанның дүниежүзілік қоғамдастықта танылуына да тынымсыз еңбек етіп, атсалысумен келеді».

Тәуелсіз еліміздің дамуына үлес қосқан Кенжеғали аға ендігі кезекті Қазақстанның экономикалық беделінің тұрақты даму факторы мен жолы еліміздің ДСҰ-ға ену жолында ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен болашағын зерттеуге білек сыбана кірісті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ол Қазақстан Президентінің жанынан құрылған Консультативтік Кеңестің, Ұлттық Кеңестің белсенді мүшесі болып, мемлекеттік маңызы мол стратегиялық құжаттардың қабылдануына ықпал ете алды. Осындай зерделі ғылыми зерттеулерге, қоғамдық-саяси өмірге білімділікпен, ақыл-парасаттылықпен араласуы оны жоғары қоғамдық, мемлекеттік дәрежеге де көтерді. Еңбек етуден аянбаған қайраткер Елбасының да сенімінен шығып, ақыл-кеңесін де аямаған. Кенжеғали Сағадиевтің айтуынша, бүгінгі күні әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына ену үшін еліміздің бір немесе бірнеше қадам жасауы ғана қалып отыр. Жаңа Қазақстан мемлекетінің негізін қалаушы Н.Назарбаев біздің тарихымыздағы қазіргі заманда Қазақстанды алғаш рет әлемдік алдыңғы қатарлы позицияға алып шыққан лидер болып табылады. «Қазақстанның тарихы нені алға тартады? Оған үңілсек, Алтын орда мен Дешті Қыпшақтан кейінгі көптеген ғасырлар бойы қазақтар да, Қазақстан да өз өмірінде осыншалықты терең әрі түбегейлі өмір өзгерістерін, мемлекеттігінің өзгерістерін, халықаралық қауымдастық тарапынан осыншама жоғары мойындаушылықты бастан кешкен емес. Бұл Назарбаевтың басшылығы кезеңінде ғана құрылған жаңа мемлекеттің арқасында орын алды. Мемлекеттік құрылым толығымен өзгерді, экономикалық модель ауысты, әлеуметтік саясат жаңғырды. Тұңғыш Президент Назарбаев Қазақстанды бірінші әлемнен екінші әлемге, жоғары – орташа даму деңгейіндегі елдер қатарына алып шықты»,– дейді академик Сағадиев.

Әрине, әрбір қызмет, әрбір жеңіс тыңғылықты, тиянақты еңбектің арқасында келеді. Кенжеғали аға ғалым ретінде, қоғам және мемлекет қайраткері ретінде ғана емес, қарапайым адам ретінде де өзіндік өмірлік миссиясын орындады деп толық сеніммен айтуға болар. Ол үш ұлдың әкесі, бірнеше немеренің атасы атанып отыр.

Парасатты адамның айналасы да шуақ пен нұрға толы болары хақ. Жақсы адамның өзі де, сөзі де, досы да жақсы болар. Салық Зиманов, Зейнолла Қабдолов, Манаш Қозыбаев, Өмірзақ Сұлтанғазин сияқты ғұлама ғалымдар Кенжеғали ағаның сырлас, қимас достары еді. Ақжарқын көңілімен, дарқан пейілімен кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсететін академик үшін әрбір қазақ баласы өз баласындай жақын. Тіпті, Кенжеғали ағамен аралас-құралас болған әрбір азамат өзін Кенжеғали Әбенұлының етжақыны сияқты сезінеді. Бұл да ғалымның бойына біткен ізгі қасиеті болар.

«Мемлекеттік, қоғамдық міндет дегеніміз – ең алдымен берілген іске жауапкершілікпен қарау. Тәуелсіз һәм еркін атану әр ұлтқа сирек берілетін сый. Тіпті, бұл мүмкіндік бір-ақ рет берілуі мүмкін. Ал, мүмкіндікті құр жібермей, пайдалы іске асырған ұрпақ бақытты», – дейді өмірі мен қызметі өнегеге айналған Кенжеғали Сағадиев.

Олай болса, Кенжеғали Әбенұлы ағамыздың тәуелсіздігімізді нықтай түсуге арнаған еңбегін көріп, салған сара жолымен келе жатқан ұрпақ, біз бақыттымыз.

www.aikyn.kz
31.01.2013